# Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік өндеулер

**Пән атауы:** Латын тілі

**Пән коды:** LT 2226

**Білім беру бағдарламасы:** 6В10117 «Стоматология»

**Оқу сағаттары /кредит көлемі:** 90/3

**Курс:** 2

**Семестр:** 3

2024 ж.

skma.edu.kz

Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «латын тілі» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 13 «17» 06 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі __________ п.ғ.к. Л.Б. Ибраева

## №1 Тақырып

**1. Тақырыбы:** Кіріспе. Латын әліпбиі. Фонетика**.** Латын екпіні.
**2. Мақсаты: С**туденттерді латын тілінің қысқа тарихымен таныстыру, әріптерді және әріп тіркестерін сауатты оқуға үйрету, латын тіліндегі сөздерге екпінді дұрыс қоюға, оларды екпінмен сауатты айтуға үйрету.
**3. Оқу міндеттері:** Орфографиялық тұрғыда латын әріптерін дұрыс білуге дағдыландыру. Әріп тіркестерін сауатты айтуға және жазуға баулу. Латын терминдерінің қысқаша аудармаларын игерту.
4. **Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
1. Латын тілінің қысқаша тарихы.
2. Әліппесі: әріптердің жазылуы, оқылуы.
3. Диаграфтар: анықтамасы, жазылуы, оқылуы.
4. Дифтонгтар: жазылуы, оқылуы.
5. Термин дегеніміз не?
6. Екпін ережелері.
7. Дыбыстардың ұзақтығы және қысқалығы.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:**
- шағын топпен жұмыс;

**Шағын топпен жұмыс** – топ екі топша бөлінеді, әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырмалар орындалғаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысы оқытушының қадағалауымен өткізіледі.

***I топ тапсырмалары***

1. **Әліппеде әрбір әріптің өзінің орны бар. Әр санды әріппен ауыстырып, сөз шығарыңыз:**
   9 14 22 9 1   5 19 20   9 14   13 5 4 9 3 9 14 1   22 9 1   19 9 14 5   12 9 14 7 21 1   12 1 20 9 14 1.

**«S» анаграммасы**

S



стрихнии
строфантин
стрептоцид
сульфадимезин
синэстрол
сарколизин

2. **Екпін қойыңыз:**

Corpus costae, os digiti, caput radii, frenulum linguae, dorsum nasi, Capitulum costae, corpus vertebrae, collum scapulae

***II топ тапсырмалары***

1. **Терминдердегі бірінші әріптерінің дауысты дыбыс немесе дауыссыз дыбыс екендігін анықтап, 2 бағанаға бөліп жазыңыз:**

| | |
|---|---|
| ála | major |
| cránium | párs |
| árcus | postérior |
| cáput | profúndus |
| sinístеr | inférior |
| vértebra | thórax |
| supérior | déxter |
| extérnus | forámen |
| crista | hómo |
| intérnus | |

| Дауысты (vocales) | Дауыссыз (consonantes) |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

2. **Екпін қойыңыз:** Costa, articulatio, brachium, incisura, humerus, ulna, tuber, radius, scapula, transversus, tuber maxillae, cavum nasi.

**6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау нысандары.**

- тестілеу

**7. Әдебиет**

**Негізгі:**

1.С.О.Жантасова. Латын тілі және медициналық терминология негіздері. Алматы: Эверо, 2015

2. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр», 2019 - 284 б.
3.М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.
4. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.
**Қосымша:**
1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012
2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша- ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

**8. Бақылау:**

- тесттер

1. Латын тіліндегі дауыстылар саны:
   A. 5
   B. 6
   C. 2
   D. 3
   E. 4
2. Диграфтың анықтамасы:
   A. бір дыбыс болып қалатын екі әріп тіркесі
   B. үш әріп тіркесі
   C. әр түрлі болып оқылатын екі әріп тіркесі
   D. екі әріп тіркесі
   E. бір әріп тіркесі
3. Сөз соңында «с» әріпінің оқылуы:
   A. [с]
   B. [ц]
   C. [к]
   D. [з]
   E. [кс]
4. «Charta» сөзі ... болып оқылады.
   A. [сарта]
   B. [хорто]
   C. [корто]
   D. [карта]
   E. [харта]

1. Латын әліпбиіндегі әріптер саны:
   A. 20
   B. 25
   C. 24
   D. 27
   E. 28
2. «ngu» тіркесінің (нгв) оқылуы:
   A. қатаң дыбыстар алдында
   B. сөз соңында
   C. дауыссыздар алдында
   D. сөз басында
   E. дауыстылар алдында
3. (ф) дыбысы мына әріптермен беріледі:
   A. «f» және «rh»
   B. «f» және «ph»
   C. «p» және «ph»
   D. «p» және «rh»
   E. «r» және «rh»

8. «s» әріпінің дауыстылар арасында оқылуы:
   A. с
   B. ц
   C. к
   D. з
   E. кс

9.«c» әріпі e, i, y, ae,oe алдында оқылады:
   A. [с]
   B. [ц]
   C. [к]
   D. [з]
   E. [кс]

10. h әрпінің оқылуы:
   A. қазақ (ғ)
   B. латын (j)
   C. қазақ (з)
   D. орыс (к)
   E. украин (г)

## № 2 Тақырып

**1. Тақырыбы:** Зат есім. Қиыспаған анықтауыш. Анатомиялық термин құрылымы. Зат есімнің 3-септеуі. 3-септеуі зат есімдерінің ерекшеліктері.

**2. Мақсаты:** Зат есімдердің сөздік формасын, септеулерін анықтауға, 3-септеу зат есімдер ерекшеліктерін ескертуге, құрамында қиыспаған анықтауыш бар терминдерді дұрыс құрастыра және аудара білуге үйрету.

**3. Оқу міндеттері**: Зат есімнің лексикалық минимумдармен қамтамасыз ету, тапсырмаларды орындау барысында септеу түрлерін және зат есім негіздерін анықтау дағдыларын қалыптастыру.

**4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1.Зат есімнің тегі, сан түрі, септігі.
2.Сөздік формасы, негізінің анықталуы.
4.Зат есімнің септеулері.
5.3-септеу зат есімдер ерекшеліктері, тектік жалғаулары.
6..Қиыспаған анықтауыш
7.Термин тіркесіндегі сөз тәртібі.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:**

-жұптасып жұмыс жасау:

**Жұптасып жұмыс жасау** – студенттер екеуден бірігіп, тапсырмаларды орындайды. Бірі оқып немесе аударма жасаса, екіншісі оған өз пікірін айтып, талқылайды, өз бағасын береді.

**1,2-жұп тапсырмалары:**

**1) Теңбуынды және буыны тең емес зат есімдерді атап, неіздерін анықтаңыздар:** auris, is; pyramis, idis; cutis, is; dens, dentis; herpes, etis; tabes, is; viscus, eris; aponeurosis, is; mors, mortis;

**2) Аударыңыз:** Corpus costae, os digiti, caput radii, frenulum linguae, dorsum nasi

**3) Зат есімдерді ілік септігі жекеше түрінде беріңіздер:** cavitas, salus, civix, mystax, ars, tendo, calx, tuberositas, impressio, pars, radix, origo, articulatio, longitudo asperitas, juventus.

**3,4 жұп тапсырмалары:**

**1) Ер тегі зат есімдерін атаңыздар:** radix, icis; paries, etis; corpus, oris; odor, oris; sapo, onis; flexio, ionis; venter, ntris;

**2)Теңбуынды және буыны тең емес зат есімдерді атап, неіздерін анықтаңыздар:** auris, is; pyramis, idis; cutis, is; dens, dentis; herpes, etis; tabes, is

**3)Аударыңыз:** Қабырға басы, омыртқа денесі, жауырын мойыны, жоғарғы жақ төмпегі, мұрын қуысы.

**5,6 жұп тапсырмалары:**

**1)Зат есім неіздерін анықтаңыздар:** extremitas, atis; mare, is; nomen, inis; poples, itis; nux, nucis; trochanter, eris; pulmo, onis;

**2)Теңбуынды және буыны тең емес зат есімдерді атап, неіздерін анықтаңыздар:** viscus, eris; aponeurosis, is; mors, mortis; extremitas, atis; mare, is; nomen, inis;

**3)Сөздік формасын толықтырыңыздар, аударыңыздар:** costa, articulatio, brachium, incisura, humerus, ulna, tuber, radius, scapula.

**6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау нысандары.**

- тестілеу

**7. Әдебиет:**

**Негізгі:**

1.С.О.Жантасова. Латын тілі және медициналық терминология негіздері. Алматы: Эверо, 2015

2. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр», 2019 - 284 б.

3.М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.

4. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.


**Қосымша:**

1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012

2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша- ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009


**8.Бақылау:**

- тесттер

1. Зат есімнің латын атауы:

A.Pronomina personalia
B.Nomen adjectivim
C.Nomen substantivum
D.Nomen numerale
E.Nomen personale

2. Зат есімдердің септіктер саны:

A. 4

B. 5
C. 3
D. 6
E. 7

3. Латын тіліндегі зат есімдерде ... септеу бар.
A. 6
B. 5
C. 7
D. 3
E. 8

4. Екінші септеу зат есімдері Gen.Sing. түрінде … жалғауына аяқталады.
A. -i.
B. -ae.
C. -ei.
D. -us.
E. -is.

5. Gutta, ae зат есімінің тегі мен септеуін анықтаңыздар:
A. 1 f
B. 4 m
C. 5 f
D. 2 n
E. 3 n

6. Бесінші септеу әйел тегі зат есімдерінің Gen.Sing жалғауы:
A. -ae
B. -ei
C. -is
D. -i
E. -us

**7.** Зат есімдер негізін анықтау үшін ... жалғауы алынады:
A. Nom. Sing.
B. Gen. Sing.
C. Abl. pl.
D. Abl. Sing.
E. Acc. pl.

8. Латын тілінде ілік септігі ... септігі болып табылады.
A. тура толықтауыштың
B. қиыспаған анықтауыштың

C. қиысқан анықтауыштың
D. пысықтауыштың
E. қиысқан анықтауыштың және пысықтауыштың
9. Solutionis зат есімнің септігі мен сан түрі:
A. Dat. Sing.
B. Dat. Pl.
C. Nom. Sing.
D. Gen. Pl.
E. Gen. Sing
10. Spiritus, us зат есімнің тегі мен септігі:
A. m IV
B. f IV
C. m III
D. n IV
E. n III

## №3 Тақырып

**1. Тақырыбы:** Сын есім. Қиысқан анықтауыш. Сын есімнің шырайлары. Зат есімдер мен сын есімдердің Nom. plur. және Gen. plur. түрлері.
**2. Мақсаты: С**ын есімнің 2 тобы жөнінде түсінік беру, олардың септелуіне үйрету, шырайлары жөнінде, зат есімдер мен сын есімдердің көпше түрлері жөнінде ақпарат беру, олардың зат есімдермен қиысуы жөнінде түсінік беру.
**3. Оқу міндеттері:** Сабаққа қажетті сөздік минимумдармен қамтамасыз ету. Жаттығу жұмыстарын орындау барысында грамматикамен байланыс жасау, латын терминдерін аудару.
**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
1.Сын есімнің сөздік формасы.
2.Сын есімнің екі тобы, сын есімнің септелуі.
3.Сын есімнің негізін анықтау.
4. Сын есім шырайларының латын атаулары, олардың белгілері, сөздік формалары және септеулері.
5. Зат есімдер мен сын есімдердің Nom. plur. және Gen. plur. түрлері.
**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:**
TBL-**мәселеге бағыттап оқыту**

TBL - командалар құру арқылы оқыту әдісі. TBL – командалар алдында мәселе қойылады – латын сын есімдерінің грамматикалық категорияларын, сөздік формасын және септеулерін, шырайларын, термин тіркесіндегі сын есімнің қиысқан анықтауыш ретінде қызметін анықтау.

***1 команданың тапсырмалары:***

1. **Сын есімді зат есімдермен байланысын негізге алып, қиыстырыңыз:** Әлпет(тік) (бұлшықет, доға, сүйек), сынатәрізді (алқа, сүйек, қойнау), мұрындық (қойнау, қылқан, сүйек),
2. **Сын есім шырайының тегін анықтаңыздар.**

anterius, supeioror, inferior, minus, majus, anterior, posterior, inferius, posterius, superius, minor, major, albus, a, um; ruber, bra, brum;

**3. Сөздерді толықтырыңыздар:**

__________________ um тістердің
__________________ um өкпелердің
__________________ um құлақтардың
__________________ um сүйектердің
__________________ um аймақтардвң
__________________ um мұрындардың
__________________ um бұлщықеттердің
__________________ um буындардың
__________________ um тесіктердің

***II команданың тапсырмалары:***

1. **Сын есімді зат есімдермен орыс тіліндегі сын есімнің зат есіммен байланысын негізге алып, қиыстырыңыз:** Торлы (тесік, қырқа, шытырман), Маңдайлық (бұрыш, тігіс,төмпек, өсінді), емізік тәрізді (өсінді, тілік), отырғыш (төмпек, тілік, қылқан).
2. **Сын есімнің күшейтпелі шырай түрін құрастырыңыздар:**

albus, a, um; ruber, bra, brum; simplex, icis; longus, a, um; bervis, e; niger, gra, grum, simplex, icis; longus, a, um; bervis, e; niger, gra, grum

**3. Төмендегі кестеге керек сөзді тауып қойыңыз:**

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

* бездердің
* тамырлардың
* сүйектердің
* тесіктердің
* денелердің
* бастардың

**6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау нысандары.**

- тестілеу

**7. Әдебиет:**

**Негізгі:**

1.С.О.Жантасова. Латын тілі және медициналық терминология негіздері. Алматы: Эверо, 2015
2. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр», 2019 - 284 б.
3.М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.
4. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.

**Қосымша:**

1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012
2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша- ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

**8. Бақылау:**

- тесттер

1. Сын есімнің латын атауы:

A. Pronomina personalia
B. Nomen adjectivim

C. Nomen substantivum
D. Nomen numerale
E. Nomen personale
2. Сын есімнің өзгерілуіндегі көрсеткіштері:
A. тегі мен саны
B. септігі мен саны
C. септеуі мен тегі
D. тегі, саны, септігі
E. септігі
3. Тек 1-ші топ сын есімдері:
A. solubilis,mitis,flavus
B. aquosus,solutus,talis
C. luteus,fortis,amylaceus
D. ruber,niger,albus
E. parvus,minor,solubilis
4. 2-ші топтағы бір жалғаулы сын есімдердің белгілері:
A. -er, -a, -um
B. -x,-s,-r
C. -is,-e
D. -us,-a,um
E. -er,-is,-e
5. Егер сын есім ер тегінде оканчиваются -us немесе–ег жалғауына аяқталса, онда әйел және орта тегінде мына жалғаулар бар:
A. -io, -a
B. -e, -is
C. -us, -um
D. -a, -um
E. -a, -us
6. Егер сын есім 2-ші топқа жатса, онда барлық тектердегі Gen.Sing. жалғауы:
A. -is
B. -e
C. -x
D. -er
E. -um
7. Екінші топ сын есімдеріндгі жалғаулар саны және жалғаулары:
A. 1: -s
B. 2 : -is, -e

C. 3: -us, -a, -um,
D. 3: -er, -is, -e. 2: –is, e 1: - s; -x; -r
E. 3: -er, -a, -um
8. Бірінші топ сын есімдерінің қатарын анықтаңыздар:
A. solubilis, mitis, flafuc
B. ruber, niger, albus
C. aquosus, solutus, talis
D. luteus, fortis, amylaceus
E. parvus, minor, solubilis
9. 3-ші септеуге жатады:
A. recens, ntis
B. asper, era, erum
C. purus, a, um
D. vivus, a, um
E. nigerimus, a, um
10. Gen.Plur. -ium жалғауы бар сын есім:
A.simplex, icis
B.ruber, bra, brum
C.unus, a, um
D.aethereus, a, um
E.anterior, ius

## №4 Тақырып

**1. Тақырыбы:** Етістік. Бұйрық және шартты райлары. «Fieri» етістігі. Рецептура мен фармацевтикалық терминологиядағы осы шақ және өткен шақ есімшелері. Фармацевтикалық терминдердегі сан есім- приставкалары

**2. Мақсаты:** Етістіктің грамматикалық категорияларын, жіктеулерін үйрету, бұйрық және шартты райларын қолдана білдіру. осы шақ және өткен шақ есімшелердің белгілерін, сөздік формаларын және септелуін үйрету; сан есім - приставкалардың мағыналарын, фармацевтикалық терминдерде қолданылуын білу.

**3. Оқу міндеттері:** Етістіктердің сөздік минимумын білу, жіктеулері мен негіздерін анықтай білу, латын етістіктері бар терминдерді аудару .

Есімшелердің лексикалық минимумын білу, оларды етістіктен жасай алу, мағынасын білу.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Етістіктердің латын тіліндегі сөздік формасы, негіздерінің, жіктеулерінің анықталуы.
2. Етістіктердің бұйрық рай, шартты рай түрлерін құру.
3. «Fieri» етістігі.
4. Рецептура мен фармацевтикалық терминологиядағы осы шақ және өткен шақ есімшелері, олардың сөздік формалары, септеулері.
5. Фармацевтикалық терминдердегі сан есім- приставкалары

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:**

-жұптасып жұмыс жасау:

**Жұптасып жұмыс жасау** – студенттер екеуден бірігіп, тапсырмаларды орындайды. Бірі оқып немесе аударма жасаса, екіншісі оған өз пікірін айтып, талқылайды, өз бағасын береді.

**1,2-жұп тапсырмалары:**

**1.Етістіктерді латынға аударып, жіктеулерін анықтаңыздар:** dare, signare, miscere, audire, finire, diluere.

2. **Бұйрық райдың жекеше және көпше түрлерін құрастырыңыздар**: repeto, ere –қайталау; addo, ere - қосу; misceo, ere – араластыру; verto, ere – айналдыру, бұру; steriliso, are-залалсыздандыру; finio, ire-аяқтау; diluo, ere – еріту; recipio, ere –алу; audio, ire –тыңдау

**3. Оқып шығыңыздар, аударыңыздар, есімшелерді анықтаңыздар:** Colon ascendens, ramus perfōrans, vertebra prominens, pars descendens duodeni.

**4. Келесі сөздерде грек сан есім - префикстерін анықтаңыздар**: octanum; hexanum; pentanum; heptanum

**3,4 жұп тапсырмалары:**

**1. Нүкте орнын толықтырып, етістіктерді қазақ тіліне аударыңыздар:** recipio, …re 3; steriliso, …re 1; audio, …re 4; verto, …re 3; vivo, …re 3; sano, …re 1; adhibeo, …re 2; nutrio, …re 4; do, d…re 1; diluo, …re 3; studio, … re 2; laboro, …re 1; sentio, …re 4; signo, …re 1.

2. **Етістіктердің бұйрық және шартты райлар түрлерін жасаңыздар:** белгілеу, залалсыздандыру, беру, емдеу, араластыру.

3. **Оқып, аударыңыздар, есімшелерді анықтаңыздар:**
arteria communicans anterior, arteria recurrens ulnaris, musculus opponens digĭti minĭmi.

4. **Келесі моносахаридтер атауларында көміртектің қанша атомының сан есім** октоздар, пентоздор, тетроздар, декоздар, гексоздар.

**5,6 жұп тапсырмалары:**

**1. Етістіктердің шартты райын латын тілінде құрастырыңыздар:** белгілеу, залалсыздандыру, босату; емдеу, араластыру, қабылдау, қайталау, аяқтау, тамақтану, тыңдау, өмір сүру, сәлемдесу.

**2. Етістіктерден осы шақ және өткен шақ есімшелерін жасаңыздар:** белгілеу, залалсыздандыру, босату; емдеу, араластыру, қабылдау, қайталау, аяқтау, тамақтану, тыңдау, өмір сүру, сәлемдесу.

**3. Оқып, аударыңыздар, есімшелерді анықтаңыздар:**
costae fluctuantes, arteria palatinae ascendens et descendens, rami communicantes cum nervis lingualibus.

**4. Келесі сөздерде грек сан есім - префикстерін анықтаңыздар**:
decanum; duodecanum; tetradecanum

**6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау нысандары.**

- тестілеу

**7.Әдебиет:**

**Негізгі:**1.С.О.Жантасова. Латын тілі және медициналық терминология негіздері. Алматы: Эверо, 2015
2. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр» 2019.
3. М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.
4. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.
**Қосымша:** 1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012
2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша- ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

**8. Бақылау:**

- тесттер

1. Бірінші жіктеу етістігі:
A. linire
B. audire
C. signare
D. diluere
E. valere

2. IV жіктеу етістігі:
A. miscere
B. diluere
C. linire
D. dare
E. signare
3. Үшінші жіктеу етістігі:
A. refrigerare
B. contundere
C. valere
D. studere
E. signare
4. IV жіктеу етістіктің негізінің соңы болып ... табылады.
A. -a-.
B. -e-.
C. -i-.
D. -u-.
E. -o-.
5. I жіктеу етістіктің негізінің соңы болып ... табылады.
A. -u-
B. -i-.
C. -e-.
D. -a-.
E. дауыссыз дыбыс
6. III жіктеу етістіктің негізінің соңы болып ... табылады.
A. -a-.
B. -i-.
C. дауыссыз дыбыс немесе «u»
D. -e-.
E. -o-.
7. II жіктеу етістіктің негізінің соңы болып...табылады.
A. -u-.
B. -i-.
C. -e-.
D. -a-.
E. дауыссыз дыбыс
8.Етістіктің бұйрық райы етістік негізіне ...  жіктеулерде тең болады.

A. II,III, IV
B. I,III, II
C. I,II, IV
D. III,IV
E. II, III

9. Үшінші жіктеудегі императив жекеше түрінің жалғауы:
A. -i
B. -e
C. -a
D. -te
E. -ite

10. 2-ші жіктеудегі етістік негізі ... дыбысына аяқталады.
A. -u-
B. -a-
C. -i-
D. -e-
E. -o-

## № 5 Тақырып

**1. Тақырыбы:** Фармацевтикалық терминология. Дәрі-дәрмектер номенклатурасы. Дәрілердің тривиалдық атауларындағы жиілік сөз бөліктері. Дәрілік формалар жөнінде қысқаша мәліметтер. Құрамында дәрілік форма белгіленуі бар препараттар атаулары.

**2. Мақсаты:** Негізгі фармацевтикалық терминдерді білу; дәрілік форма, дәрілік заттар атауларының латын нұсқасын білу, тривиалдық атаулардағы жиілік бөлшектердің жазылуы мен мағынасын білу .

**3. Оқу міндеттері:** Тақырыпқа қажетті сөздік минимумдармен қамтамасыз ету. Жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында грамматикалық сауаттылыққа үйрету. Латын терминдерінің қазақша аудармаларын игерту.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1.Фармацевтикалық терминология.
2.Дәрі-дәрмектер номенклатурасы.
3.Дәрілік заттардың тривиалдық атаулары.
4.Жиілік бөлшектер, олардың жазылуы, мағыналары.
5. Дәрілік формалардың белгіленуі.
6. Дәрілік заттардың латынша атауы.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:**
-жұптасып жұмыс жасау:

**Жұптасып жұмыс жасау** – студенттер екеуден бірігіп, тапсырмаларды орындайды. Бірі оқып немесе аударма жасаса, екіншісі оған өз пікірін айтып, талқылайды, өз бағасын береді.

**1,2-жұп тапсырмалары:**

**Төменде берілген дәрілік заттар мен препараттар атауларын көшіріп жазыңыз, жиілік бөлшектердің астын сызып, мағынасын түсіндіріңіз:**

Valocordinum, Testoenatum, Finalgon, Mycosolon, Bicillinum, Oestronum, Polyoestradiolum, Mycoseptin, Chinocidum, Kanamycinum, Novurit, Sulfazinum, Pantocidum, Rifothyroinum, Oligovitum, Synoestrolum, Leocainum, Barbamylum, Panadol, Methicillinum, Adriamycinum, Erythromycinum, Cholosasum, Rifomycinum, Hydrocortisonum.

**3,4 жұп тапсырмалары:**

**Төмендегі дәрілік форма атауларын латын тіліне аударыңыз, сұйық, жұмсақ, қатты формасын бөліп көрсетіңіз:**

1) Ұнтақ
2) Пилюля
3) Тұндырма
4) Сұйық жақпамай
5) Эмульсия
6) Қайнатпа
7) Пластырь
8) Балауыз
9) Сироп
10) Ерітінді
11) Тұнба
12) Жақпамай
13) Таблетка
14) Экстракт

| а) сұйық | б) жұмсақ | в) қатты |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**5,6 жұп тапсырмалары:**

**Берілген дәрілік заттарды латын тілінде жазыңыз:**

Стрептоцид, парацетамол, гепарин, фибриноген, стугерон, панкреатин, окупресс, лидаза, апрессин, гидролизин, дикаин, резорцин, инсулин, раунатин, валидол, папаверин, корвалол, тетрациклин, пенициллин, амидопирин, пиромекаин, рутин, роцефин, оливомицин.

**6. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау нысандары.**

- тестілеу

**7.Әдебиет:**

**Негізгі:**1.С.О.Жантасова. Латын тілі және медициналық терминология негіздері. Алматы: Эверо, 2015

2. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр» 2019

3. М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.

4. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.

**Қосымша:** 1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012

2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша- ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

**8. Бақылау:**

- тесттер

1.Фармацевтикалық терминдерге жататын сөздер:

A.capsula,pasta,pilula

B.vagina,pulmo,tempora

C.citius,altius,fortius

D.anuria,fractura

E.cortex,clavicula,vertebra

2Дәрілік заттар атауларының олардың мөлшерлерінен тәуелділігі ... септігінде көрсетіледі.

A.Gen.

B.Nom.

C.Acc.
D.Abl.
E.Dat.

3. Сұйық дәрілік формалар:
A.Solutio,onis f;tinctura,ae f
B.Solutio,onis f;unguentum,in
C.Species,ei f;decoctum,i n
D.Liquor,oris m;pulvis,eris m
E.Pasta,ae f;tabuletta, ae f

4.«Ерітінді» сөзі ілік септігі жекеше түрінде:
A.Solutionis
B.Liquor
C.Solutionem
D.Solutionibus
E.Solutionum

5.«Итжидек жапырағы» аудармасы:
A.folium Belladonnae
B.herba Belladonnae
C.flos Betulae
D.folium Betulae
E.fructus Belladonnae

6.«Жергілікті ауырсынуды жою» мағынасы бар бөлшек:
A.cain
B.cid
C.chol
D.card
E.cor

7.«Кортикостероидтер» мағынасы бар бөлшек:
A.cort
B.oestr
C.sept
D.vas
E.card

8.«Әйел жыныс гормондарының препараттары» мағынасы бар бөлшек:
A.oestr
B.andr
C.barb

D.haema
E.cain

9.«Еркек жыныс гормондарының препараттары» мағынасы бар бөлшек:
A.andr
B.cain
C.oestr
D.chol
E.barb

10.«Несеп айдайтын» мағынасы бар бөлшек:
A.ur
B.ul
C.ol
D.in
E.chol

## № 6 Тақырып

**1.Тақырыбы:** Рецепт. Рецепт құрылымы. Рецепте қолданылатын етістік тіркестері. Негізгі рецептік қысқартулар. Латын тіліндегі химиялық номенклатура. Химиялық элементтер, қышылдар, оксидтер, тұздар атаулары. Көмірсутек радикалдар атауларындағы жиілік бөліктер.

**2. Мақсаты:** Рецептің латын тіліндегі бөлігін сауатты жазу, қысқартылған рецептерді толықтырып жазуын, оқуын, құрастыра білуін үйрету. Химиялық номенклатурадағы химиялық элементтер, қышқылдар, оксидтер, тұздар атауларының жасалу әдістерін білу, олардың рецепте жазылу ережелерін игеру. Көмірсутек атауларының рецепте жазылу ережелерін игеру.

**3. Оқу міндеттері:** Тақырыпқа қажетті сөздік минимумдармен қамтамасыз ету. Жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында грамматикалық сауаттылыққа үйрету. Латын терминдерінің аудармаларын игерту.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
1. Рецепт, оның құрылымы.
2. Рецепт жолындағы грамматикалық модель тәуелділігі, дәрілік препараттар мен өсімдік атауларының рецепт жолындағы жазылу ережелері.
3. Қысқарту ережелері, негізгі рецепгік кыскартулар

4. Латын тіліндегі химиялық элементтердің, қышқылдардың, оксидтердің, тұздардың атаулары, олардың рецепте қолдануы.
5. Көмірсутек радикалдар атауларындағы жиілік бөліктер.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** TBL

TBL - командалар құру арқылы оқыту әдісі. TBL – командалар алдында мәселе қойылады – рецептің латын бөлігінің жазылуын, қысқарту ережелерін анықтау; латын тіліндегі химиялық номенклатураны, оның терминдерінің рецепт жолындағы жазылуын игеру .

***1 команданың тапсырмалары:***

**1. Көп нүктенің орнына керекті жалғауларды қойып, рецептерді толықтырып жазыңыз:**

Recipe: Suppositori ... cum Ichthyol ... numero 10
Detur. Signetur.
Recipe: Tabulett ... Digoxin ... 0,0001
Da tales doses numero 12
Signa:
Recipe: Emuls ... ol ... Ricin ... 180,0
Sirup ... Sacchar... ad 200,0
Misce. Da. Signa:
Recipe: Tinctur ... Valerian ... 5 ml
Tinctur ... Convallari ... 15 ml
Misce. Da. Signa:
Recipe: Ol ... Vaselin ... 100 ml
Ol ... Menth ... gutt ... II
Misce. Da. Signa:
Recipe: Vinylin ... 20,0
Ol ... Helianth ... 80 ml
Misce. Da. Signa:
Recipe: Tabulett ... Furacilin ... 0,02 ad us ... extern ... numero 10
Da. Signa:

**2. Рецептерді толықтырып, оқыңыздар, аударыңыздар:**

Rp.: Inf. hb. Ledi palustris 10 ml
Sir. Althaeae 25.0
M.D.S.

Rp.: Sulfur. pct.
Picis liquidae aa 1.0
Zinci oxydi
Amyli Tritici aa 2.5
Vaselini 20.0
M.f.ung.
D.S.

Rp.: Jodi puri 0.02
Kal. iodidi 0.2
Calcii glycerophosphatis
Phytini aa 4.0
Extr.et pulv. r. Liquiritae q.s.ut. f.pil.№40
D.S.

**3. Берілген сөздер негізінен қышқыл атауларын жасаңыз:**

Borum, i n – бор; lac, lactis n – сүт; acetum, i n – сірке суы; carbo, onis m – көмір;

**4. Рецептерді аударыңыздар:**

Recipe: Acidi folici 0,0008
Acidi ascorbinici 0,1
Dentur tales doses numero 30 in tabulettis
Signetur:

Recipe: Sulfuris depurati
Magnesii oxydi
Sacchari ana 10,0
Misce, fiat pulvis
Detur. Signetur:

Recipe: Solitionis Iodi spirituosae 5% - 20 ml
Tannini 3,0
Glycerini 10,0
Misce. Da. Signa:

Recipe: Magnesii peroxydi 0,25
Da tales doses numero 12
Signa:

***II команданың тапсырмалары:***

**1. Жақшада тұрған сөздерді латынға ауыстырыңыздар:**

Recipe: Extracti (шүйгіншөп) 0,3
(Тұрынды) Crataegi 0,15

(Тұрынды) Rhei 0,8
(Этил спирті) 20 ml
Misceatur. Detur. Signetur:

Recipe: Corticis (итшомырт)
Foliorum (қалақай) ana 15,0
Tincturae (меруертгүл) 10 ml
Validoli 2 ml
Misceatur. Detur. Signetur:

Recipe: (Ерітінді) Dibazoli 5 ml
Da tales doses numero 6 ( ампулаларда)
Signa:

Recipe: (Май) Ricini 20 ml
Xeroformii 1,2
Vinylini
Misce, fiat (линимент)
Detur. Signetur:

Recipe: (Шөп) Adonidis vernalis 8,0
Foliorum (мяты) 1,0
(Араластыр), fiant species
Da. Signa:

Recipe: (Эуфиллин) 0,1
Dimedroli 0,0125
Sacchari 0,2
(Араластыр) fiat (ұнтақ)
Da tales doses numero 12 (капсулаларда)
Signa:

**2. Берілген сөздер негізінен қышқыл атауларын жасаңыз:**
Citrus, i m – лимон; nicotinum, i n – никотин; sulfur, uris n – күкірт; formica, ae f – құмырсқа.

**3. Рецептерді аударыңыздар:**

Ал: Платифиллин гидротартратының 0,003
Папавериа гидрохлоридінің 0,03
Теоброминнің 0,25
Осындай дозаларды 10 таблеткаларда босат.

Ал: Ихтиолдың 1,25
Мырыш оксидінің
Бидай крахмалының тепе-тең 12,5

Вазелиннің 50,0 дейін
Араластыр, паста түзілсін.
Босат. Белгіле:

Ал: Дибазолдың 0,005
Қанттың 0,3
Араластыр, ұнтақ түзілсін.
Осындай дозалар 20 санымен босатылсын.
Белгіленсін:

Ал: Хлороформның
Күнбағыс майының тепе-тең 20 мл
Араластыр, линимент түзілсін
Босат. Белгіле:

**4. Жақшадағы атауларды латынға ауыстырыңыдар**:

1. acidum (ацетилсалицил)
2. kalii ( бромид)
3. morphini (гидрохлорид)
4. natrii ( бензоат)
5. acidum ( салицил)
6. acidum ( хлорсутек)
7. codeini ( фосфат)
8. acidum ( никотин)
9. ephedrini ( гидрохлорид)

natrii ( гидрокарбонат

**6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау нысандары.**

- тестілеу

**7.Әдебиет:**

**Негізгі:**1.С.О.Жантасова. Латын тілі және медициналық терминология негіздері. Алматы: Эверо, 2015
2. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр» 2019
3. М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.
4. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.
**Қосымша:** 1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012

2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша-ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

**8. Бақылау:**

- тесттер

1. Рецепт дегеніміз
A. дәрігердің дәріханаға деген лебі.
B. дәрігердің мекемеге деген талабы.
C. дәрігердің емдеу туралы пікірі.
D. дәрігердің фармацевтке дәріні дайындау және науқасқа босату жөніндегі тілхаты.
E. дәрігердің фармацетке қойылатын талабы.

2. Рецептің құрамында ... бар.
A. 5 бөлігі
B. 3 бөлігі
C. 7 бөлігі
D. 9 бөлігі
E. 8 бөлігі

3. Invocatio -дәрігердің тілхаты ... сөзінен басталады.
A. Signa.
B. Recipe.
C. Misce.
D. Sterilisa.
E. Repete.

4. «Осындай дозалар ...санымен берілсін» тіркестің аудармасы:
A. Da tales doses numero...
B. Date tales doses numero...
C. Dant tales doses numero ...
D. Dentur tales doses numero ...
E. Det tales doses numero...

5. Мақсатты бағыныңқылы сөйлемде коньюнктив ... шылауымен қолданылады.
A. ex.
B. et.
C. ut.
D. ad.
E. pro.

6. «Араластыр, шариктер түзілсін» тіркесінің аудармасы:
A. Misceatur, ut fiant globuli
B. Misce,ut fiat globulus
C. Misce, ut fiant globuli
D. Misceatur,fiat globulus
E. Miscete, ut fiant globuli
7. Рецепт жолындағы «тұрынды» сөзі:
A. infusa
B. infusi
C. infuso
D. infusis
E. infusorum
8. Таблеткалар мен суппозиториялар қысқартылған тәсілмен жазылғанда дәрілік форманың атауы ... түріне қойылады.
A. Nom.Pl..
B. Abl. Sing..
C. Acc.Pl..
D. Dat. Pl..
E. Abl.Pl..
9. «15 тамышы» терминнің аудармасы:
A. guttae XV
B. guttas XV
C. guttis XV
D. guttarum XV
E. вgutta XV
10. Рецептің жоғарғы оң жағындағы Cito сөзінің мағынасы:
A. жақсы
B. жай
C. жылдам
D. жаман
E. тұрақты

## № 7 Тақырып

**1. Тақырыбы:** Клиникалық терминология бойынша жалпы түсінік. Сөзжасам. Жұрнақтандыру. -itis, -oma, -iasis, -ismus жұрнақтары. Префиксация. Термин элементтері (ТЭ) жөнінде түсінік. Грек-латын дублеттері және жеке ТЭ. Префиксалды – суфиксалды туындылар.

**2. Мақсаты:** Клиникалық терминологияға түсінік беру, сөзжасам рөлін клиникалық терминдердің құрастырылуында көрсету. Сөзжасам әдістерін игеру, грек латын дублеттері мен жеке ТЭ лексикалық минимумдерін игеру, берілген мағыналары бойынша терминдерду құрастыру және оларды талдау.

**3. Оқу міндеттері:**

- клиникалық терминология, сөзжасам түсініктерімен танысу,
- клиникалық терминдердің сөзжасамы және талдануы бойынша жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Сөзжасам, сөз тудырушы және туынды сөз жөнінде түсінік.
2. Сөзжасам тәсілдері.
3. Жұрнақтандыру. -itis, -oma, -iasis, -osis, -ismus жұрнақтары, олардың мағыналары.
4. Префиксация.
5. Терминоэлементтер туралы түсінік. Грек-латын дублеттері және жеке ТЭ.
6. Префиксалды-суффиксалды туындылар.
7. Ауыз қуысымен байланысты ұғымдарды белгілейтін грек ТЭ..
8. «Ұлпа, дене мүшесі, жыныс, жас» ұғымдарын белгілейтін грек-латын дублеттері.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:**

-шағын топпен жұмыс

**Шағын топпен жұмыс** – топ екі топша бөлінеді, әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырмалары орындалғаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысы оқытушының қадағалауымен өткізіледі.

**І топ тапсырмалары*:***

**1.Төменде берілген терминоэлементтердің мағынасын түсіндіріңіз.**
Osteologia, pathologia, osteoarthropathia, stomatologia, somatologia, somatoscapia, acroalgia, spondylodynia, arthropathia, cardiographia, hormonotherapia, nosologia, brachialgia, logopathia, rhinologia, spondylographia, osteogenus, odontogenus, odontoalgia, glossalgia, panc reatodynia, thyroglossus, ulodynia, gnathodynia, genioglossus, gnathodynia, cheilodynia.

**2.Nom.sing. және Gen. sing түрлеріндегі қабыну үдерісін белгілейтін терминдерді құрасытырыңыздар:** ауыздың, тілдің, асқазанның, ішпердесінің, тікішектің, бүйректің, көкбауырдың.

**3.Терминдерді оқып, олардағы жұрнақтар мағынасын анықтаңыздар:** omphalitis, tymhlitis, oophoritis, dacryocyctitis, salpingitis, orchitis, gonarthrosis, mastoiditis, thyreotoxicosis, sigmoiditis, thyreocytus.

**4.Para- нормадан ауытқу мағынасын береді, осы префикспен терминдер жасаңыз:**

- Сезімнің
- Естудің
- Аппетиттің
- Ақылдың
- Иіс сезудің

нормадан ауытқуы

**5.Анатомиялық терминдердің грек-латын дублеттерін беріңіздер:** мұрын, тіс, бүйрек, жатыр, аяқ, саусақ, қызыл иек, таңдай, дене, кеуде құысы, кеуде, тіл, тізе, ерін, ұрт.

**II топ тапсырмалары:**

**1.Төменде берілген термин элементтерінің мағынасын түсіндіріңіз**.
Акропатия, артрография, энтероскоп, энтерология, эзофагодиния, ринофарингоскопия, соматометрия, остеоартропатия, гепатология, стетоскоп, глоссодиния, энтеропатия, риноскоп, панкреаталгия, логотерапия, панкреаталгия, гемотерапия, нозография, глоссоспазм, соматикалық, патология.

**2.Қабыну және ісік мағынасы бар терминдерді құрастырыңыздар:**
а) gaster, venculus, larynx, appendix, pharynx
б) neur-, lip-, angi-, oste -.

**3.Терминдерді оқып, олардағы жұрнақтар мағынасын анықтаңыздар:** thyreoiditis, gigantismus, ureteritis, cheilitis, gingivitis, parodontitis, pulpitis, meloschisis, uranoplastica, genioglossus, odontoma, glossoptosis, papillitis.

**4. Терминдерді төменде көрсетілген мағыналарымен a-(an-) –болмау, жоққа шығару префиксімен құрастырыңыздар:**

1) естімеу
2) көрмеу
3) иіс сезбеу
4) дәм сезбеу
5) тәбет жоғалту
6) пульс жоғалту

**5. ТЭ мағыналарын түсіндіріңіздер, латын тіліне аударыңыздар:** адинамия, тимопатия, тимома, ангидремия, кардиомонитор, офтальмоскопия, мастопатия, маммография, тенология, гипохомия, дистония, геродермия

**6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау нысандары.**

- тестілеу

**7.Әдебиет:**

**Негізгі:**1.С.О.Жантасова. Латын тілі және медициналық терминология негіздері. Алматы: Эверо, 2015
2. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр» 2019
3. М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.
4. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.
**Қосымша:** 1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012
2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша- ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

**8.Бақылау:**

- тесттер

1. Термин элемент болып ... аталады.
A. бір түбірлі сөздерді құрайтын элемент
B. бір мағыналық терминдер қатарын құрайтын элемент
C. физикалық мағынасы бар терминдерді құрайтын элемент
D. түрлі мағынасы бар терминдерді құрайтын элемент
E. бірдей мағынасы бар терминдері құрайтын элемент

2. Клиникалық терминологияда ... тілінің сөздері қолданылады.
A. итальян
B. рим
C. грек
D. латын
E. үндіеуропа

3. Грек «pathos» ТЭ-і ... белгілейді:
A. қабынуды
B. төмендеуді
C. ауруды
D. тарылуды

E. күшті
4. «Әрекет» мағынасы бар ТЭ:
A. kinesia
B. dynamia
C. penia
D. aemia
E. ergia
5. Грек «cephalo» ТЭ баламасы:
A. lien, lienis m
B. caput, itis n
C. ren, renis m
D. splen, splenis m
E. gaster, tris f
6. Грек «odonto» ТЭ баламасы:
A. caput,itis n
B. lien,lienis m
C. dens, ntis m
D. gaster,tris f
E. splen,splenis m
7. Glossitis – … қабынуы:
A. ерін
B. таңдай
C. мұрын
D. тіл
E. тіс
8. Пульпит - pulpitis термині сөздік формасында:
A. -atis n
B. -itidis f
C. -is f
D. -i m
E. -ēi f
9. «Өсімдікпен емдеу» термині:
A. phytotherapia
B. pediiatria
C. phthisiatria
D. pharmocotherapia
E. hydrotherapia

10. «Функцияның бұзылуы» мағынасы бар приставкасы:
A. dis-
B. des-
C. dys-
D. dia-
E. pro-